



TORAIGHYROV
UNIVERSITY

НЕКОММЕРЧЕСКОЕ АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО

17-тақырып (2-апта)

Тақырыбы:

Білімді жастар - болашақтың тірегі

**КОЖАХМЕТОВА Баянгуль
РАМАЗАНОВНА**

*аға оқыт., гум.ғылымд
магистрі*

*Павлодар,
2021 ж.*

Тақырыбы: Білімді жастар - болашақтың тірегі

Сабақтың мақсаты: «Білімді жастар - болашақтың тірегі» тақырыбы бойынша сөздік қорды арттыру, ауызша қысқаша ақпарат бере алу; Білімділіктің адам өміріндегі маңыздылығы, жастарға арналған білім беру бағдарламалары, бәсекелестікке қабілетті ұрпақ, Қазақстан Республикасының білім жүйесіндегі жаңашылдығы, жоғары оқу орындарындағы тәжірибелер туралы мағлұмат бойынша ойын білдіру, диалог құрастыру.

-дағы/-дегі, -тағы/-тегі формасын (анықтауыштық мағынасы) қолдану

1-тапсырма : Тақырып бойынша жаңа сөздерді жаттап, аудармасымен дәптерге көшіріңіз, жаңа сөздерді пайдаланып сөйлем құрастырыңыз (10 сөйлем)

академия

белгілі бір сала

ғылыми-педагогикалық қызмет

жүзеге асыру

ғылыми-әдістемелік орталық

жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы

академиялық кредит – білім алушының және (немесе) оқытушының ғылыми және (немесе)

оқу жұмысы (жүктемесі) көлемінің біріздендірілген өлшем бірлігі

Бакалавр, жоғары білім

білім беру бағдарламасы

2-тапсырма: ҚР «Білім туралы» заңының жалпы ережелеріндегі ұғымдарды оқып, дәптерге көшіріңіз, мазмұнын түсініңіз.

3-тапсырма: Ұғымдар анықтамасын пайдаланып диалог құрыңыз (бейне жазба немесе аудиофайлмен жіберіңіз) (10 сөйлем).

(ҚР «Білім туралы» Заңы, 1-тарау, 1-бап, Жалпы ережелер. Негізгі ұғымдар)

1. академиялық ұтқырлық – білім алушыларды немесе оқытушы-зерттеушілерді оқыту немесе зерттеулер жүргізу үшін белгілі бір академиялық кезеңге (семестрге немесе оқу жылына) өзінің жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымында немесе оқуды жалғастыру үшін басқа жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымында академиялық кредиттер түрінде меңгерген оқу бағдарламаларынан, пәндерден міндетті түрде қайта сынақ тапсыра отырып, басқа жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымына (ел ішінде немесе шетелге) ауыстыру;

2. атаулы стипендия - тиісті білім беру бағдарламаларын ойдағыдай меңгерген, ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысатын, оқу орнының қоғамдық, мәдени және спорттық өміріне белсене қатысатын неғұрлым қабілетті білім алушыларды көтермелеу үшін жеке немесе заңды тұлғалар тағайындайтын стипендия;

3. бакалавр – жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын меңгерген адамдарға берілетін дәреже;

4. бакалавриат – тиісті мамандық бойынша "бакалавр" дәрежесін бере отырып, кадрлар даярлауға бағытталған жоғары білім, білім беру бағдарламалары;

5. "Болашақ" халықаралық стипендиясы — Қазақстан Республикасы азаматтарының шетелдік жетекші жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында күндізгі оқу нысаны бойынша оқуы немесе Шетелдерде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия санаттарын айқындайтын жұмыскерлердің шетелдік ұйымдарда тағылымдамадан өтуі үшін Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайтын стипендия;

6. білім беру – имандылық, зияткерлік, мәдени, тәндік жағынан дамыту және кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру мақсаттарында жүзеге асырылатын тәрбиелеу мен оқытудың үзіліссіз процесі;

7. институт – ғылыми-педагогикалық қызметті, сондай-ақ кәсіби қызмет үшін кадрлар даярлауды жүзеге асыратын жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы;

8. кредиттік оқыту технологиясы - академиялық кредиттерді жинақтай отырып, білім алушылардың пәндерді оқып зерделеу дәйектілігін таңдауы және дербес жоспарлауы негізіндегі оқыту;

9. академиялық кредит – білім алушының және (немесе) оқытушының ғылыми және (немесе) оқу жұмысы (жүктемесі) көлемінің біріздендірілген өлшем бірлігі;

Есімшенің анықтауыштық қызметі

Слова с аффиксами -дағы, -дегі имеют значение «те, тот, который в...», например:

Үйдегі кітаптар – книги, которые находятся в доме.

Үстелдегі заттар – вещи, которые лежат на столе.

Сыныптағы оқушылар – ученики, которые сидят или находятся в классе.

При добавлении к этой форме окончаний -лар, -лер эти слова обозначают людей, например:

Ауылдағылар – те, которые в ауле.

Қаладағылар – те, которые в городе.

Көшедегілер – те, которые на улице.

Есімшенің анықтауыштық қызметі

4-тапсырма: Мезгіл-меншік мағынасындағы -дағы/-дегі нысандарының қолданылу ерекшелігіне назар аударыңыз, сөйлемдерді дәптерге көшіріп қосымшаларын белгілеңіз, сөйлемдерді орысшаға аударыңыз.

Қазақстанның Ресейдегі төтенше және өкілетті елшісі;

Астанадағы ҚР Президенті Іс басқармасы

Биылғы жылдың қаңтарындағы есеп бойынша

Өңірлердегі жұмыссыздықтың алдын алу

Қолданыстағы келісімдердің тұрақтылығы

Атыраудағы «Теңізшевройл» компаниясы

Таяу және алыс шетелдердегі оқу орындары

Поляк диаспорасының Қазақстандағы өкілдері

Назарларыңызға рақмет!